

Атырау облысы Білім беру басқармасы

Индер ауданы білім бөлімінің

«Райхан» бөбекжай-бақшасы

**«Баланың сөйлеуін дамыту жаттығулары»**

**Логопед: Д.Қуанышұлы**

**2025 жыл**

## **Консультативтік пункттің негізгі мақсаты:**

Ата-аналар мен педагогтерге мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға арналған тиімді жаттығулар кешені туралы ақпарат беру, үй жағдайында қолдануға ұсыныстар ұсыну.

## **Консультативтік пункттің негізгі міндеттері**

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дамуын кешенді түрде зерттеу.
2. Сөйлеу тілінің бұзылыстарын ерте анықтау (фонетикалық-фонематикалық, лексика-грамматикалық, жалпы сөйлеу тілі дамымауы және т.б.).
3. Ата-аналарға (занды өкілдеріне) баланың сөйлеу дамуы бойынша кеңес беру.
4. Педагогтерге балалардағы сөйлеу ерекшеліктері туралы әдістемелік қолдау көрсету.
5. Баланың сөйлеу дамуын түзетуге бағытталған жеке және топтық сабақтарға ұсыныс беру.
6. Сөйлеу аппаратының жұмысын жақсартуға арналған профилактикалық жаттығуларды үйрету.

Мектепке дейінгі кезең – баланың сөйлеу тілінің қалыптасуындағы ең маңызды уақыт. Бұл кезеңде артикуляциялық аппараттың моторикасы, фонематикалық қабылдау, сөздік қор, грамматикалық құрылым, байланыстырып сөйлеу дағдылары жылдам дамиды. Сондықтан логопедиялық жаттығуларды уақтылы қолдану – сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасуының негізгі шарты.

Консультативтік пункттің міндеті — ата-аналарға сөйлеуді дамытудың қарапайым, бірақ тиімді жаттығуларын үйрету және оларды күнделікті қолдануға бағыт беру.

### **1. Артикуляциялық жаттығулар**

Артикуляциялық гимнастика — дыбыстарды дұрыс айтуға қажетті тіл, ерін, жақ бұлшықеттерінің қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар.

### **2. Фонематикалық естуді дамыту жаттығулары**

Фонематикалық есту – дыбыстарды ажырата білу қабілеті. Ол дыбысты дұрыс айту мен оқуға дайындық үшін маңызды.

### **3. Сөздік қорды дамыту жаттығулары**

«Артық затты тап»

«Кім не істейді?»

«Жалғастыр»

### **4. Грамматикалық құрылымды дамыту**

Көптік жалғауларын қолдану

— «Бір алма – көп... (алмалар)»

— «Бір қоян – көп...».

### **5. Байланыстырып сөйлеуді дамыту**

1. «Сурет бойынша әңгіме»

2.«3 суреттен тұратын хикая»

3. «Менің күнім»

### **6. Үй жағдайында қолдануға ұсыныстар**

1. Жаттығуларды күн сайын 10–15 минут орындау.
2. Баламен жиі сөйлесу, сұрақтар қою, жауап беруге ынталандыру.
3. Сөздерді дұрыс, анық айту — тілдік үлгі көрсету.
4. Әр жаңа сөзді күнделікті өмірмен байланыстырып үйрету.
5. Телефон, планшет уақытын шектеу — тірі қарым-қатынас өте маңызды.

Сөйлеуді дамыту жаттығулары жүйелі түрде орындалғанда ғана нәтиже береді. Артикуляциялық, фонематикалық, сөздік қор және байланыстырып сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар — баланың тілінің дұрыс қалыптасуына көмектеседі. Логопед пен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы балада дұрыс сөйлеу дағдылары тиімді және табиғи түрде дамиды.

